

Нысанша БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКЗД КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Қазығұрт ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение «Казығұртское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
 № X.03.X.KZ83VWF00148820
 Дата: 29.03.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігірген ауыл округі, Қызылбұлақ ауылы, Мошқал Баба көшесі №38А мекен-жайында орналасқан пайдаланудағы Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің "Бибол Құдайнатаров" атындағы негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7-шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 12.03.2024 16:31:28 № KZ29RYS00570403

өтініш, ұйғарым, халы бойынша, жастары және басқа да тұрақ (күні, нөмірі)
по обращению, представлению, постановлению, плану и другим (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің "Бибол Құдайнатаров" атындағы негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігірген ауыл округі, Қызылбұлақ ауылы, Мошқал Баба көшесі, №38А. (Занды тұлға: БИН 011240002384, тіркеу мерзімі-26.12.2001ж, мектеп директоры Беркімбаев Қуатбек Жақанович, сымтестік: 87052841962)

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (төзетіндігі), объектінің мекен-жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принципалности), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Білім беру, Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Бибол Құдайнатаров» атындағы негізгі орта мектебі» КММ, Қазығұрт ауданы, Жігірген ауыл округі, Қызылбұлақ ауылы, Мошқал Баба көшесі, №38А

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) Білім беру

4. Жобалар, материал даразірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) СҚА белгіленбейді

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) Занды тұлғаның өтініші, ҚР ДСМ СЭБК "ҰСО" Түркістан облысы бойынша филиалының Шымкент қалалық бөлімшесі зертханалық зерттеу



қаттамалары

6. Оңимнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **Жоқ**

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) **Қажет етілмеді**

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

4

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производства, продукции))

Қазығұрт ауданы, Жігірген ауыл округі, Қызылбұлақ ауылы, Мәшкәл Баба көшесі, №38А мекен жайдағы Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Бибәл Құдайназаров» атындағы негізгі орта мектебі, коммуналдық мемлекеттік мекемесінен (Заңды тұлға: БИН 011240002384, тіркеу мерзімі-26.12.2001ж, мектеп директоры Беркімбаев Қуатбек Жақанович, сымтетік: 87052841962) 12 наурыз 2024 жылы түскен № KZ29RYS00570403 санды өтініші негізінде мектептің ғимараттары көрілді.

Қазығұрт ауданы, Жігірген ауыл округі, Қызылбұлақ ауылы, Мәшкәл Баба көшесі, №38А мекен жайдағы Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Бибәл Құдайназаров» атындағы негізгі орта мектебінің ауласында мектеп ғимараттары, шаруашылық аумақта қазандық, су қоймасы, лас су сентігі және сыртқы спорт алаңшасы орналасқан. Мектептің аумағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес барлық периметрі бойынша темірлі зақымдалмаған қоршаумен қоршалған, келушілерге мен автокөлікке 2 зақымдалмаған есік орнатылған. Мектеп аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ объектілер орналастырылмаған.

Мектеп ғимараты 100 орынға арналып соғылған, мектеп ғимаратының ірге тасы бетоннан, қабырғасы күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, шатыры металл жабындымен, едені тақтайлы, есік, терезе көздері пластиктен соғылған. Мектептің шатырына, мектептің сыртқы қабырғалары мен ішкі қабырғаларына жөндеу жұмыстары жүргізілген, зақымдану белгілері жоқ. Мектеп ғимараты 4-бөлектен тұрады. А блогы 2 қабаттан тұрады, 1-ші қабатта 6 оқу кабинеті-187,2м², мұғалім бөлмесі-20,2м², 3-баспаздық, 3- коридор-142м², медициналық кабинет -13,2м², оқшаулау бөлмесі-13,2м², 1-дәретхана ұлдарға (2 орындық, 1 писсуар, 2 қолжұғыш)-5,4м², 1-қыздарға (2 орындық, 2 қолжұғыш)-4,1м², 1 персоналдарға арналған дәретхана-4,1м², қарауыл бөлмесі-11,6м², тазалау 2-ші қабатта 8- оқу кабинеті -249,8м²(биология кабинеті-31,2м²,зертханасы-15,9м² және информатика кабинеті-15,9м², зертханасы-15,9м², физика кабинеті-31,2м², зертханасы-15,9м²) 11-дәретхана ұлдарға (2 орындық, 1 писсуар, 2 қолжұғыш)-5,4м², 1-қыздарға (2 орындық, 2 қолжұғыш)-4,1м², 1 персоналдарға арналған дәретхана-4,1м², директор кабинеті-21,4м², тазалау құралдарын сақтау бөлмесі-14,7м²тан тұрады.

А1блогындағы бөлмелер:

Спорт зал-203,6м², 2- киім ауыстыру бөлме-27,0м², 2-душ-6,46м², 3- дәретхана-6,5м², еңбек кабинеті-32,7м², асхана-16,7м², тамақтану бөлмесі-30,6м², қойма-8,2м², персоналдарға арналған бөлме-6,6м², 1- тазалау құралдарын сақтау бөлмесі-2,3м², 1-коридор-3,2м², комната-11,6м²тан тұрады.

2-ші қабатта кітапхана-40,3м², мәжіліс залы-62,8м², 3 қойма-35,8м², 2 дәретхана 11,9м²тан тұрады.

А2 блог 1-ші қабаттан: коридор 28,4м², 1- ұлдарға арналған еңбек кабинеті-30,9м², 2-қыздарға арналған еңбек кабинеті-17,1м²+14,9м²тан тұрады.

Г блогында 1- от жағу бөлмесі орнатылған.

Мектептегі 1- ұлдарға арналған еңбек кабинеті-30,9м², 2-қыздарға арналған еңбек кабинеті-17,1м²+14,9м²тан тұрады, ауданы бір білім алушыға шаққанда 3,75 м² нормасы белгіленген. Кабинеттегі станоктар орнатылмаған. Үстелдерде жұмыс істеу кезінде арқалығы жоқ көтеріліп-бұрылатын отырғыштар қолданылады, шуы аз жабдықпен қамтылған. Оқушылардың жеке бас тазалығын сақтау үшін 2 кабинетте 2 жерге қолжұғыштар бар.

Мектептегі үй-жайлардың (сыныптар, оқу кабинеттері) ауданы бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр (бұдан әрі - м²) шеберханалардың ауданы бір білім алушыға шаққанда 3,75 м² нормасы белгіленген. Мектептің жобалық қуатына сәйкес сыныптардың және оқушылар мен тәрбиеленушілердің тұру орындарының топтастырылуы талапқа сай келеді. Шумен қоса жүретін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің алаңдауын тудыруы мүмкін, педагогикалық, медициналық, әкімшілік персоналдың жұмысына кедергі келтіруі немесе оларды бұзуы мүмкін үй-жайлар мектеп ауласында орналаспаған. Мектеп аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру толығымен орнатылған, жеткілікті.

Шаруашылық аймақта орналасқан қоқыс тастайтын контейнерлер су өткізбейтін төсем төселген алаңға орнатылған, алаңның үш жағынан қоршалатын қоршауы бар, контейнердің тығыз жабылатын қақпағы бар, тазалау, дезинфекциялау жұмыстарына қол жетімді етіп орнатылған. Мектеп аумағында жол бойында 4-дана қоқыс тастауға арналған жәшіктер орнатылған. Санитариялық тораптар (дәретханалар) унитаздармен, конструкциялары қолдың қосымша ластануын болдырмайтын қолжұғыштармен, қоқыс



жинауға арналған ыдыстармен жабдықталған.

Мектептің ауласы көгалдандырылған, демалыс алаңында орындықтармен қамтылған, мектептің ауласы мен шаруашылық аймақтың аумағында тазалауға және дезинфекциялауға болатын қатты төсеммен қамтамасыз етілген. Мектептің ауласында ашық ауадағы дене шынықтыру және спорт алаңы бар, аумағы, ашық ауадағы дене шынықтыру және спорт алаңдары таза ұсталады, бөгде заттардан тазартылған. Алаңда спорттық жабдықтар толық қарастырылған, білім алушылардың бойы мен жасына сәйкестігі туралы санитариялық талаптар сақталған. Жүгіру жолдарының бетінің қатты, жақсы құрылатын жабыны бар, нығыз, шанданбайтын, атмосфералық жауын-шашынға төзімді қабаттан жасалған. Мектептің ішіндегі спорт залы 1-ші қабатта орналасқан, спорт зал-203,6м², 2- киім ауыстыру бөлме-27,0м², 2-душ-6,46м², 2 себегі, 2- дәретхана-3,6м², 1- қыздарға арналған бөлме-2,30м², 1-тазалау құралдарын сақтау бөлмесінен тұрады. Спорт залдың жылыту жүйесінің радиаторларында, терезелер мен жарық құралдарында қоршау құрылғылары көзделген. Желдету терезе көздерінен желдетіледі, ұлдарға арналған және қыздарға арналған душтарда жарық көздері орнатылған, жарық көздеріне қорғаныш құрылғысы бар, жарық көздері жеткілікті. Спорт залдарының жанындағы киім шешетін орындар шкафтармен және орындықтармен толық жабдықталған. Ойын және спорт алаңдарының жабдықтарын қоса алғанда, жиһаз бен жабдықтар білім алушылардың бойына және жасына сәйкес келеді, жарамды күйде. Спорттық төсеніштер ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жарамды, төзімді материалдан құрылған. Ыстық суды су жылытқыш құрылғысы арқылы қолданады. Мектептегі барлық еденде, төбеде және қабырғалардың бетінде, барлық бөлмелердің жабдықтарының бетінде зақымданулар (жарықтар, жарықшақ, деформациялар, саңырауқұлақ зақымдану белгілері) анықталмады. Оқу кабинеттері, зертханалар жұмыс үстелдерімен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Қалыпты режимде пайдаланылатын үй-жайлардағы қабырғалардың, еденнің, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс, күңгірттен құрылған. Ылғалды режиммен жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық-тораптар) қабырғалары 1,5 м биіктікке, жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдармен (кафель) себегі бөлмелерінде 1,8 м биіктікке қапталған. Мектепте ауыз су сақтайтын ыдыстар бар, мектеп дәлізінде ауыз су үшін 2-диспенсерлер орнатылған. Ыстық сулар қазандық ғимаратынан су құбыры арқылы қамтамасыз етіледі және қосымша су жылытқыштар орнатылған. Суық су жеткізетін раковиналар, қолды жууға арналған құралдар толық бар. Мектеп ғимарат ішіндегі ішкі қыздарға арналған 1- дәретханада 2 унитаз, 2 қолжұғыш (бір реттік сүлгі бар), ер балаға арналған 1-дәретханада 2 унитаз, 2 қолжұғыш (бір реттік сүлгі бар), 2 писсуар орнатылған, қолжұғыш және унитаздар саны жеткілікті, лас сулар жергілікті септикке құйылады, дәретхана қабырғалары мен едендері кафельденген, жарық көздеріне қорғаныш құрылғысы орнатылған. Желдету терезе арқылы желдетіледі. Қоқыс жинауға арналған қоқыссалғыштар қойылған. Саркынды сулар үшін объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан бөлек жерасты су өткізбейтін септик қолданылады. Септиктің қақпақтары бар, беті жабылған, айналасы қоршалған. Саркынды суларды ашық су қоймаларына және іргелес аумаққа шығару, сондай-ақ су сіңіретін құдықтарды орнатуға жол берілмеген. Мектеп ауласындағы сыртқы жылы санитариялық тораптардың есік терезелері бар, дәретхана іші кафельденген, тазалау, жуу жұмыстарына төзімді, қоқыс тастайтын ыдыстар орнатылған. Мектептегі оқу үй-жайлардың жарық көздерінде реттелетін күн сәулесінен қорғайтын құрылғылары көзделген. Үй-жайларды табиғи және жасанды жарықтандыруды сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жобаланған. Сыныптарда жасанды жарықтандыру ортақ біркелкі диодты шамдармен жүзеге асырылады. Оқу үй-жайларындағы жиһаз сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіле отырып, орнатылады. Негізгі жарық ағынының білім алушылар алдынан және арт жағынан түсуіне жол берілмеген. Физика мен химия кабинетіндегі демонстрациялық және оқу зертханалық үстелдерге электр энергиясын жүргізу, химия кабинетінде орталықтандырылған су және кәріз жүргізу жергілікті септиктен көзделген. Химия кабинетінде сыртқа тарту шкафы жабдықталған. Тәжірибелер жүргізу үшін пайдаланылатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілерді сақтау үшін сейф орнатылған, құлынталады. Физикалық және химиялық реагенттерді пайдалана отырып, зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін физика мен химия кабинетіндегі демонстрациялық және оқу зертханалық үстелдерге электр энергиясын жүргізу, химия кабинетінде (орталықтандырылған сумен жабдықтау болғанда) су және кәріз жүргізу көзделген. Информатика кабинеті-15,9м², зертханасы-15,9м², жалпы 27 дана компьютер іске қосылған, компьютерді орналастыру кезінде жұмыс істеу бетінің өлшемдері талапқа сай сәйкестендірілген. Монитордың экранына жаркыл болдырмау үшін терезе ойықтары күндізгі жарықты өткізбейтін қорғаныш құрылғыларымен (перде) жабдықталған. Желдету терезе көздерінен желдетіледі. Ғимарат ішінде жасанды жарықтандыруға диодты шамдар орнатылған. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалған. Барлық үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылады, олар плафондармен қамтамасыз етілген. Істен шыққан шамдар ауыстырылған. Жарамсыз, құрамында сынап бар шамдар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін ғимараттан жеке үй-жайда сақталады. Пайдаланылған құрамында сынап бар шамдарды қоқыс жинағыштарға тастауға жол берілмеген.



Желдеткіштерде, фрамугаларда москит торлардың болуы қарастырылған. Мектеп ғимаратында оқу жиназдармен толық жабдықталған, оқу жиназдары оқушылардың жасына, бойына сай келеді. Мектепте жылыту жүйесі газбен жылытылады, қосымша автономды орнатылған. Барлық кабинеттерде жылыту батерейкалары жеткілікті орнатылған, оларды күтін ұстау ережелері сақталынған. Ауаның температурасын бақылау үшін оқу сыныптарында, сондай-ақ медициналық пункт үй-жайларында термометрлер орнатылған. От жағатын ғимарат: 1 бөлмеден тұрады, бөлмеде қосымша 2 жылыту қазандық (автономды) орналасқан.

Мектептің желдетуі терезе көздерінен және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде нормалау құжаттарының талаптары сақталған. Мектептен зертханалық зерттеулер жүргізілген, зерттеулер санитариялық талапқа сай келген.

Мектеп асханасы 7-бөлмеден тұрады, 16 орынға арналған, бөлмелер: асхана-16,7м², тамақтану бөлмесі-30,6м², қойма-8,2м², персоналдарға арналған бөлме-6,6м², 1-тазалау құралдарын сақтау бөлмесі-2,3м², 1-коридор-3,2м², қойма-11,6м² орналасқан. 2-бөлмелі қоймада 2-дана мұздатқыш орнатылған. Асханада ыстық тамақ дайындау үшін табиғи газбен дайындалады, 1-электрлі плита, 1 электрлі титан, 1-газ плита бар, жарамды. Барлық бөлмелерде ашылатын терезелер, фрамугалар арқылы табиғи желдету көзделген, есіктердің беті тегіс, сіңірмейтін және ылғалды сіңірмейтін, қабырғалары, едендері (кафель) жуылатын материалдардан көзделген. Есіктер ылғалды сіңірмейтін, абсорбцияланбайтын, жуылатын материалдардан тегіс етіп көзделген, ауыз суға арналмаған суды техникалық мақсаттар үшін пайдалану бөлек сумен қамтылады. Ас блогындағы ылғалды ағымдағы дезинфекциялауға жататын үй-жайларда қабырғалар мен еденнің беттері ылғалға тұзімді материалдарды пайдалана отырып орындалған. Азық-түлік (тамақ) шикізаты және тұтынуға дайын тамақ өнімдері үшін тамақтану орнында технологиялық және тоназытқыш жабдығы, өндірістік үстелдер, әріптік және түстік белгімен таңбаланған, бөлшектеу тақталарында және ыдыстарда жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, пішіні бұзылған, эмалі зақымдалған жарықтар анықталмады. Барлық ашылатын ойықтар, терезелерде жылдың жылы мезгілінде жөндіктердің кіруінен қорғайтын, жуылатын қорғаныш торларымен (москит) жабдықталады. Асханада турау құралдарында, цех ішіндегі жабдықта және ас үй ыдыстарында таңбалау жүргізілген. Жұмыртқаны сақтауға арналған таңбаланған ыдыс-аяқтар қамтамасыз етілген. Ыдыстарды қолмен жууға арналған асхана ыдыстарына арналған үш секциялы, шыны ыдыстар мен асхана аспаптарына арналған екі секциялы ванналар жабдықталған. Ыстық су «Аристон» су жылытқыш құрылғысы арқылы қолданылады. Асхана және ас үй ыдыс-аяғын кептіруге және сақтауға арналған сөрелер орнатылған, таза ыдыстар сақтауға жеке бөлме қарастырылған, сынған, тозған ыдыстар анықталмады. Азық-түлік сақтайтын 2-бөлмелі қойма қарастырылған, 2-дана мұздатқыш бар, тамақ өнімдерін сақтауға арналған сөрелер бар, сусымалы өнімдерді, құрғақ өнімдерді, ет өнімдері мен жұмыртқалар сақтайтын арнайы қойма қарастырылған. Температуралық-ылғалдылық режим сақталады, өлшеу құрылғысы орнатылған. Қоймада механикалық іске қосылатын желдету көзделген. Тағам өнімдерін дайындайтын орын бөлінген және қажетті жабдықтармен жабдықталған. Қажеттілігіне қарай жабдықтар мен ыдыстар таңбаланған. Ыдыс жуатын бөлмеде үш ұялы ванна ыдыс жууға қойылған. Асхана ыдыстары жаңартылған, белгілері қойылған. Таза, лас ыдыстарды беретін кішкене терезеден тамақ тарататын орындар бар. Келушілерге 2 дана мен 1 дана персонал үшін тамақ өнімдерінің ластануын болдырмау үшін ыстық және суық ағынды су келтірілген қол жууға арналған қолжуғыштар көзделген, бірреттік сүлгі бар. Санитариялық тораптарды (дәретханаларды) жинауға және дезинфекциялауға арналған мүкәммал дәретхана бөлмесінде арнайы белгіленген жерде сақталады. Сарқынды сулар үшін мектеп аумағының шаруашылық аймағында орналасқан бөлек жерасты су өткізбейтін септикте жүзеге асырылады. Септиктің беті жабылған, айналасы қоршалған. Персоналға дәретхана және себезгі (1 унитаз, 1 себезгі торы) бар, сарқынды суларды ашық су қоймаларына және іргелес аумаққа шығару, сондай-ақ су сіңіретін құдықтарды орнатуға жол берілмеген. Суды жергілікті тазарту құрылыстарына түскенге дейін өндірістік сарқынды сулардың шығарылымдарында механикалық тазалау үшін құрамында майы бар сарқынды суларды жергілікті тазалауға арналған қондырғылар (май ауадағыштар) орнатылған. Медициналық кабинет-4 бөлме тұрады, медициналық кабинет -13,2м², окшаулау бөлмесі-13,2м², дәретхана, персоналға арналған бөлме. Бөлмедегі қабырғалары (150см биіктікте) едендер тазалауға және дезинфекциялауға болатын материалдардан (кафель) көзделген. Окшаулау бөлмесі биіктігі 1,2 м әйнектелген қалқа құрылғысы бар медициналық кабинетпен көрші орналасқан, есік, терезелер пластиктен соғылған, медициналық кабинеттегі персоналға арналған дәретхана бар (1 унитаз). Дәрі-дәрмектерді сақтайтын 1 мұздатқыш орнатылған, температуралық режим сақталған, өлшеу құрылғысы алынған. Бөлменің ішкі әрленуі санитарлық талаптарға сай, қабырғалары мен едендері кафельденген, залалсыздандыру жұмыстарына төзімді, душ орнатылған. Медициналық кабинетте су орталықтандырылған су құбырынан қолданылады, 1 жерге қолжуғыш орнатылған (бір реттік сүлгі бар), жарық көздері жеткілікті, электрлі және табиғи жарық толық түседі. Жылыту жүйесі қарастырылған, табиғи газбен жылытылады, жылыту батерейкалары жеткілікті орнатылған. Ауа алмастыру терезе көздері арқылы және механикалық желдетуге ауа баптау жүйелерімен желдетіледі. Медициналық пункт: Жазу үстелі, орындықтар, кушетка, кеңсе шкафы, медициналық шкаф, керме,



эйнек қақпағы бар медициналық шағын үстел, тоназытқыш (вакциналарға және дәрі-дәрмектерге арналған), тонометр, фонендоскоп, бактерицидті шам, медициналық таразы, бой өлшегіш, вакциналарды тасымалдауға арналған термोकонтейнер; үстелге қоятын шам, медициналық термометрлер, қайшы, қол жуатын суық және ыстық су келтірілген раковина, педальді қақпағы бар шелек, вакциналардың қалдықтарын жоюға арналған ыдыс, кішкентай биксе, медициналық жабдықтар және аспаптар толық алынған. Ғимараттарда жергілікті және цокольдық қабаттарында білім алушылар мен тәрбиеленушілер болатын үй-жайларды және медициналық мақсаттағы үй-жайларды орналастыру анықталмады

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жанартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын аттифер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высоты стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы №2024-673/490/РО-24-00619, 01.03.2024ж, Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы №РО-24-00619, №520 01.03.2024ж, Электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы №2024-673/229-01 РО-24-00619, 28.02.2024ж, Жарықты өлшеу хаттамасы №РО-24-00619/673/1312-1330, 04.03.2024ж, Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы №РО-24-00619/673/1347-1364 04.03.2024ж, Шу дыбыс деңгейлерінің оқшаулауын өлшеу хаттамасы №2024-673/229-02 РО-24-00619, 28.02.2024ж.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение



Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігірген ауыл округі, Қызылбулақ ауылы, Мошқал Баба көшесі №38А мекен жайда орналасқан пайдаланудағы Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің "Бибол Кудайназаров" атындағы негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодекстің 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің таза аяғы)
(олдың негізінде объекті санитарно-эпидемиологиялық экспертизаны, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № КР ДСМ-76 бұйрығы, КР ДСМ-нің 17.02.2022 жылғы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № КР ДСМ-16 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № КР ДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 58 бұйрығы, КР ДСМ-нің №26 бұйрығы, КР ДСМ-нің 11.08.2020 жылғы № КР ДСМ-96/2020 бұйрықтары

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № КР ДСМ-76 бұйрығы, КР ДСМ-нің 17.02.2022 жылғы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № КР ДСМ-16 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № КР ДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 58 бұйрығы, КР ДСМ-нің №26 бұйрығы, КР ДСМ-нің 11.08.2020 жылғы № КР ДСМ-96/2020 бұйрықтарының талаптары тұрақты сақталсын

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Қазығұрт аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі
Қазығұрт ауданы, көшесі Құрманғазы, № 1, үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орындасар)

Республиканское государственное учреждение «Казығұртское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»

Казығұртский район, улица Курмангазы, дом № 1

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Үсінбекова Кулижат Балкыбекқызы

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



